

**1999 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 қыркүйек N 1303

Тиімді астық өндірісін ынталандыру астықтың экспорты саясатын жандандыру, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ынталандыру мақсатында астық сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 сәуірдегі N 357 P990357\_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1999 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Ауыл шаруашылығы Тауар өндірушілерінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 P980998\_ қаулысына сәйкес сатып алынған астықты сатудан қайтарылған қаражаттың есебінен франко-элеватор шартымен 1 тонна үшін 70 (жетпіс) немесе 75 (жетпіс бес) АҚШ долларына баламды баға бойынша 32 500 000 (отыз екі миллион бес жүз мың) АҚШ доллары сомасына дейін 450 000 (төрт жүз елу мың) тоннаға дейін көлемінде 1999 жылғы егіннің үшінші сыныптан төмен емес жұмсақ сортты азық-түліктік бидайын мемлекеттік сатып алу жүргізілсін, сондай-ақ астықтың мемлекеттік резервінің ақшалай нысанда сақталатын бөлігі ретіндегі 9 110 784 (тоғыз миллион жүз он мың жеті жүз сексен төрт) АҚШ

доллары сомасындағы қаражаттың есебінен.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.10.27. N 1612  
қаулысымен.

P991612\_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620  
қаулысымен.

P991620\_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 1963  
қаулысымен.

P991963\_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.10. N 548

қаулысымен.

P000548\_

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) астықтың ресурсы мен оны қайта өңдеу өнімдерінің есебі бойынша тұрақты мониторинг жүргізсін;

2) элеваторларға, астық қабылдау пункттеріне және қайта өңдеуші ұйымдарға астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін тапсыруды және әкетуді міндетті тіркеуді жүргізсін;

3) бір апта мерзімде элеваторларға, астық қабылдау пункттеріне және қайта өңдеуші ұйымдарға астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін тапсыруды және әкетуді тіркеудің тәртібін бекітсін;

4) елдің ішкі рыногында астықтың тапшылығына жол бермеу мақсатында заңдарда көзделген астықтың экспорты бойынша шектеу шараларын жүргізу жөнінде ұсыныс енгізсін.

5) ақшалай нысанда сақталып жатқан мемлекеттік резерв астығының бір бөлігі ретіндегі 9 110 784 (тоғыз миллион бір жүз он мың жеті жүз сексен төрт) АҚШ доллары сомасындағы қаражат есебінен сатып алынған 1999 жылғы егіннің астығы 198 (бір жүз тоқсан сегіз) доңғалақты тракторды "Белресурсы" концернімен келісім-шарттар бойынша сатып алуға (айырбас немесе алдын ала сатып алу) арналған кредит ретінде пайдаланылсын.

Қалған бөлігі 152-ге (жүз елу екі) дейін МТЗ-82УК доңғалақты тракторларын еркін рыноктан, 200-ге (екі жүз) дейін дестелегіштерді "Украгромашинвест" лизинг компаниясы" ашық акционерлік қоғамынан, 50-ге (елу) дейін дестелегіштерді "Қызылордакүрішмаш", ашық акционерлік қоғамынан несие ретінде сатып алу (айырбас немесе алдын ала сатып алу) үшін, жоғарыда көрсетілген техникаларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауға және сақтауға жұмсалған шығындарды өтеуге пайдаланылсын, ал мемлекеттік экспорттық ресурстар астығын сатудан түскен қаражаттың қалған бөлігі "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының арнаулы шотына аударылсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ 5) тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.08. N 187 қаулысымен. P000187\_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.23. N 929 қаулысымен. P000929\_

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 1999 жылдың 15 қарашасына дейін мерзімде астық өндірісін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметінің қарауына енгізісін.

4-1. Жергілікті жерлерде 1999 жылдың егіні астығын сатып алуды ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін жауаптылық облыстардың әкімдеріне жүктелсін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 4-1 тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.10.28.

№ 1620 қаулысымен.

P991620\_

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 2 қыркүйектегі  
№ 1303 қаулысымен  
бекітілген

1999 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың тәртібі туралы  
Ереже

Осы Ереже 1999 жылғы егіннің жаздық бидай астығын мемлекеттік сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың тәртібін айқындайды.

1. Астықты мемлекеттік сатып алудың шарттары

1. Астықты мемлекеттік сатып алу "Азық-түлік корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың екінші абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен. P991620\_

2. Астық тек ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен ғана сатып алынады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі - жер өндірісінің негізгі құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін жерді пайдалануға байланысты заңды немесе жеке тұлға.

3. Әрбір ауыл шаруашылығы тауар өндірушісінен сатып алудың көлемдері жер үлесіне, аудан бойынша орташа шығымдылыққа және өндірілген астықтың тауарлық коэффициентіне қарай айқындалады.

4. Мына төмендегі өлшемдердің біреуіне сәйкес келетін:

осының алдындағы жылдың қорытындылары бойынша қаржы-шаруашылық қызметтен шеккен зияны жоқ;

жерде бонитеті 40 баллдан төмен емес астық өнімін өсірген ауыл

шаруашылығы тауар өндірушілері - заңды тұлғалар сатушылар бола алады.

Фермерлік және шаруа қожалықтары үшін бұл өлшемдер міндетті болып табылады. Астықты уәкілеттік берген элеваторларға жеткізу және тапсыру оларды ықтимал сатушылардың тізімдеріне кіргізу үшін негіз болып табылады.

5. 75 (жетпіс бес) АҚШ долларына баламды баға бойынша мемлекет сатып алатын астық - жұмсақ сортты азық-түліктік бидай мынадай техникалық талаптарға сәйкес келуі тиіс:

<\*>

- |                                   |                 |
|-----------------------------------|-----------------|
| 1. Табиғилығы, г/л                | 750 кем емес    |
| 2. Дымқылдығы, %                  | 14,5 артық емес |
| 3. Жабысқақтығының жалпы үлесі, % | 25 кем емес     |
| 4. Жабысқақтығының сапасы, топ    | II төмен емес   |
| 5. Жылтырлығы, %                  | 50 кем емес     |
| 6. Түссіздендірілуі (дәрежесі)    | 1 төмен емес    |
| 7. Қоқыс қосындысы, %             | 2 артық емес    |

8. Өзге астықтың қосындысы, % 5 артық емес

Барлық қалған көрсеткіштер 9353-90 МЕМСТ-тың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

<\*>

Дайындалатын және берілетін 3 сыныпты жұмсақ бидайдың 9353-90 МЕМСТ-тың шектеу нормаларына сәйкес келетін астығы 70 (жетпіс) АҚШ долларына баламды баға бойынша сатып алуға жатады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің  
1999.10.28. N 1620 қаулысымен. P991620\_

6. Тауар өндірушілерден астық сатып алу Корпорация ұсынған және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен желілік элеваторларда жүзеге асырылады.

Элеваторларды астықты сатып алуға және сақтауға қатысуға рұқсат ету үшін іріктеудің негізгі өлшемдері:

1997-1998 жылдардың астығын сатып алу бағдарламасының міндеттерін орындау және алыс-беріс астығын сақтау жөнінде талаптардың болмауы;

жабдықтарының техникалық және технологиялық жағдайы, сондай-ақ санитарлық режим белгіленген стандарттарға сәйкес келуі тиіс;

астықты тазартуға, сорттауға және кептіруге арналған машиналармен жарақтандырылуы;

элеваторларда астықты қашықтықтан бақылайтын ақаусыз электр термометрлік қондырғылардың болуы;

таразы шаруашылығымен, атап айтқанда, астық тасымалдаушыларды өлшеуге арналған таразылармен, лабораториялық жабдықтармен және астық пен оны қайта өңдеу өнімдерінің сапасын айқындауға арналған аспаптармен жарақтандырылуы;

технологиялық жабдықтың кідіріссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін дербес электрмен жабдықтау станциясының болуы;

өзінің кіре беріс темір жолдары, тұйық жолдары болуы және олардың техникалық жай-күйі;

астық тасымалдаушылар мен темір жол вагондарын беру және тазалау үшін жылжымалы құралдардың болуы;

элеватор мен астық қоймалары бойынша тиеу нүктелерінің өнімділігі; сақтау қызметі үшін неғұрлым төмен тарифтер;

элеваторлық сиымдылықтардың ең төменгі көлемі 80 мың тоннадан кем болмауы тиіс;

сатып алынған астықты жеке сақтауды қамтамасыз ету мүмкіндігі.

## 2. Астықты сатып алуды жүргізудің және оны қаржыландырудың тәртібі

7. 1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін Ауыл шаруашылығы министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында астық сатып алудың шарттары мен сатып алуға және сақтауға рұқсат етілген элеваторлардың тізімін жариялайды.

8. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді жұмыс топтарына өз астығын сатуға өтініштер ұсынады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен. P991620\_

9. Сатушылардың тізімдерін қалыптастыруды жұмыс топтары жүргізеді.

Жұмыс топтары облыстар әкімдерінің шешімімен құрылады және облыстар әкімдерінің ауыл шаруашылығы мәселелерін басқаратын орынбасарларын, ауыл шаруашылығы департаменттерінің (басқармаларының), жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттердің, статистикалық және салық органдарының өкілдерін және жұмыс топтары төрағаларының өкілеттігі жүктелетін "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы облыстық өкілдіктерінің басшыларын қамтуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі сатушылардың тізіміне енгізу үшін жұмыс тобына:

- 1) жұмыс тобының атына жазбаша өтініш;
- 2) элеватор берген кіріс түбіртегі (КТ-13) мен астықтың талдау кәртішкесінің көшірмесін;
- 3) кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына патенттің немесе куәліктің көшірмесін (тек шаруа қожалықтары мен жеке адамдар) ұсынады.

Жұмыс топтары оларды ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен талап етпестен өздеріне тиісті мемлекеттік органдар ұсынған мынадай құжаттардың негізінде сатушылардың тізімдерін жасайды:

- 1) "4 СХ" нысанындағы статистикалық деректерді - статистикалық органдар;
- 2) аудандағы орташа түсімділік туралы анықтамаларды - ауыл шаруашылығы департаменттері;

3) жерге мемлекеттік актінің немесе өзге де құқықты белгілейтін құжаттың көшірмесін - жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттер.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың басшылары жұмыс топтарына ұсынылатын құжаттардағы ақпараттардың дұрыстығы үшін жеке жауаптылықта болады.

Жұмыс топтары бұл құжаттарды алқаптарға тұқым себілуі туралы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын анықтау мақсатында және сатушыдағы сияқты әрбір тауар өндірушідегі астықтың ең жоғары көлемін айқындау үшін орталықтандырылған түрде тиісті мемлекеттік органдардан алынған "4 СХ" нысанындағы статистикалық деректермен және аудандағы орташа түсімділік туралы анықтамалармен бірге қарайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен. P991620\_

10. Жұмыс топтары алынған құжаттардың негізінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нысандар бойынша сатушылардың тізімдері мен тізілімдерін жасайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен. P991620\_

11. <\*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен. P991620\_

12. Жұмыс топтары сатушылардың астық сатуға арналған өтініштерін алады және оларды оның негізінде соңғылары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нысан бойынша астық сатушылармен үлгі шарттар жасасатын Корпорацияның облыстық өкілдігіне үш күннің ішінде Корпорацияға берілетін мынадай құжаттарды:

1) КТ-10-ның түпнұсқасын;

2) элеватор берген талдау кәртішкесінің түпнұсқасын;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық инспекциясының 1995 жылғы 26 маусымдағы N 37 нұсқаулығына сәйкес белгіленген нысандағы есеп-фактура мен салықтық есеп-фактурасын (салық салудың оңайлатылған режимімен жұмыс істейтін тұлғаларға арналған салықтық есеп-фактурасы басшының қолымен және аудандық салық органының мөрімен

расталған болуы тиіс) ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен.

P991620\_

13.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен.

P991620\_

14. Корпорация (оның өкілдігі) сатушыларға ақша аударуды, сатушылар үлгі-шарттың ережелеріне сәйкес астықты беру жөніндегі міндеттемелерін іс жүзінде орындаған күннен бастап, жеті операциялық күннің ішінде жүзеге асырады.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620 қаулысымен.

P991620\_

15. Төлем сатушы төлем күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.02. N 1832 қаулысымен.

P991832\_

16. Егер сатып алудың нәтижелері бойынша мемлекеттің астық сатып алуға арналған ақша толық көлемде алынбаса, осы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі айқындаған мерзімдерде, қосымша сатып алу жүргізілуі мүмкін.

3. Сатып алған астықтың есебін жүргізу және сақтау

17. Сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін Корпорация белгілі бір элеваторлармен



Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен үлгілік шартқа сәйкес сатып алынған астықты сақтауға шарттар жасасады. Сатушыға астық үшін ақы төленген күн сатып алынған астықты сақтаудың басталған күні болып есептеледі.

18. Сақталатын астықтың сандық-сапалық жағдайы үшін элеваторлар

жауаптылықта болады, ал бақылауды Корпорация мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің уәкілетті өкілдері жүзеге асырады.

19. Астықтың мемлекеттік ресурстарының мониторингі мақсатында әрбір уәкілетті элеваторда тиісті журналда астықты тапсыру мен әкетуді тіркеу жүзеге асырылады. Тіркеу журналын күн сайын Ауыл шаруашылығы министрлігінің уәкілетті өкілдері тексереді (виза қояды). "Республикалық астық сараптамасы" РМК тиіп жөнелтетін астыққа журналда әкетілетін астықтың көлемі мен сапасын тіркеместен сертификаттар беруге тыйым салынады.

20. Мемлекеттік астықты сақтауға арналған шығындар оны сатудың бағасына енгізіледі.

#### 4. Сатып алынған астықты сату және қаржы ресурстарын қайтару

21. Сатып алынған астықты сатуды мемлекеттің астық саясатына сәйкес белгіленген тәртіппен Корпорация жүзеге асырады.

22. Сатып алынған астықты сатудың шарттары мен мерзімдері сыртқы рынок конъюнктурасының негізінде айқындалады. Сатылатын астықтың бағасы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісіледі.

23. Сатып алынған астықты сатудан алынған қаражатты Корпорация, ол алынғаннан кейін, 3 банктік күннің ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің есебіне аударады.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.28. N 1620

қаулысымен.

P991620\_

#### 5. Сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі

24. Элеваторлардың сақталатын астықтың сандық-салалық жай-күйі үшін жауапкершілігі жасалған шарттардың талаптарында көрсетіледі. Мемлекеттік

астықты сатып алуға, сақтауға және сатуға қатысушы тұлғалардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес айқындалады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК